

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл толуына орай, «Тұрар Рысқұлов - тарихи тұлға!»

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.11.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/170567/>

Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл толуына орай,

«Тұрар Рысқұлов - тарихи тұлға!»

2024 жылдың 25 қарашасында, № 88 жалпы білім беретін мектептің 9 сынып оқушыларына Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл толуына орай, «Тұрар Рысқұлов - тарихи тұлға!» атты дәріс өткізілді.

Іс-шара аясында № 88 жалпы білім беретін мектептің 9 сынып оқушылары қатысып, белсенділік танытты. Сабақ өткізу барысында Рысқұловқа арналған «Тұрар Рысқұлов» атты деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар, оқушылар бұл дәрісте Тұрар Рысқұловтың өнегелі өмір жолы, халқына, ұрпағына қалдырған мол мұрасы, халқын теңдікке жеткізу жолындағы атқарған қызметімен таныстырып, оқушыларды халқын сүйге үйрету, еңбекке құштарлық сезімдерін туғызу мақсатымен туралы сыр шертетін слайд-шоу тамашалады.

Сталиннен қаймықпай, елінің мүддесі үшін қызмет еткен тұлғаның қазақ тарихында алар орны да ерекше. Әсіресе оның мыңдаған қазақты аштықтан құтқарып қалғанын ел аңыз ғып айтады. Белгілі Халық жазушысы Шерхан Мұртаза ол туралы «Қызыл жебе» атты роман жазып, Тұрарға кітаппен ескерткіш қойды.

«Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі әрбір қазақ үшін үлкен үлгі. Ол ұлттың болашағы үшін өз өмірін арнап, қазақ халқының дербестігі мен тәуелсіздігін қорғауға тырысты. Тұрар Рысқұлов сияқты тұлғалардың ерлігі мен жанқиярлығы әрқашан біздің жүрегімізде сақталады. Отанды сүйу, ұлтты құрметтеу – әрбір азаматтың басты міндеті.

Абдурусул Санжар Саятжанұлы,

ҚР Мемлекеттік орталық музейінің экскурсия мен экскурсиялық қызметтерді ұйымдастыру тобының маманы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.